

Нұр-Сұлтан қаласы
А.Байтұрсынұлы атындағы №48 мектеп-лицей
Қамқоршылық кеңесі отырысының
Хаттамасы №1

Өткізілген күні: 15.08.2022

Қатысқандар: 10 адам

Күн тәртібінде:

Күнкөрісі төмен көп балалы отбасылардан шыққан, жетім және қамқоршылықтағы оқушыларға 2022 жылдың тамыз айында жалпыға бірдей міндетті оқу қорынан берілетін материалдық көмек. Жалпыға бірдей міндетті оқу қорынан материалдық көмек көрсетілетіндегі тізімін талқылау және бекіту.

Әлеуметтік педагог Бекебаева Н.Т:

- Мектебімізде Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің жыл сайынғы жалпы Республикалық «Мектепке жол» акциясы ұйымдастырылып, өтініштер қабылдануда. Көпбалалы, аз қамтылған, мүмкіндігі шектеулі, күн көріс деңгейі төмен отбасы оқушыларына қолдау көрсету және барлық мектеп жасындағы балаларды міндетті орта біліммен қамтамасыз ету үшін жалпыға бірдей білім беру айлығы мен «Мектепке жол» акциясы әр жылда 1 тамызда басталып, 31 қазанда аяқталады. Акцияның негізгі міндеті – аз қамтылған отбасыларындағы оқушылардың жаңа оқу жылына дайындауға және балалардың әлеуметтік жағдайлары бойынша мектепке бармай қалуын алдын алу. Олардың мектеп формасы, оқуға қажетті құрал-жабдықтармен толықтай қамтылып, алаңсыз білім алуына жағдай жасау.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Д.Шаяхметов:

- Мектептегі аз қамтылған және көп балалы отбасылар балалары жылдың басындағы «Мектепке жол» акцияға сәйкес мектеп формасымен қамтамасыз етілуі керек.

- Өтініш жазған ата-аналардың құжаттарын қарастырып, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларындағы оқушылардың жаңа оқу жылына дайындау үшін «Мектепке жол» акциясы аясында көмек алуын қамтамасыз ету.

Шешім:

1. Алдағы уақытта мектептегі көп балалы және аз қамтылған отбасының оқушыларын "Мектепке жол" акциясы бойынша

мектеп формасымен және оқу құралдарымен қамтамасыз етілсін.

2. Өтініш жазған ата-ананың құжаттары қаралып, заң талабына сай көпбалалы, күн көріс деңгейі төмен отбасының оқушыларын Қамқоршылық кеңесінің шешімімен 85 оқушы "Мектепке жол" акциясы бойынша мектеп формасымен және оқу құралдарымен қамтамасыз етілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы
Хатшы



Д.Шаяхметов
Ж.Хавдал